Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен персоналды оқыту бойынша қызметтер туралы Мемлекеттік сатып алудың негіздемесі

2026 жылдан бастап қолданысқа енгізілетін Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексінің нормаларын уақтылы және дұрыс қолдануды қамтамасыз ету мақсатында Тапсырыс беруші бухгалтерлік есеп, салық салу және қаржылық жоспарлау саласындағы функцияларды жүзеге асыратын мамандар үшін осы семинарға қатысу туралы шешім қабылдады.

Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексін қабылдау салықтық әкімшілендіруде, салықтарды және бюджетке төленетін міндетті төлемдерді есептеу және төлеу тәртібінде, сондай-ақ салық бақылауы мен салық төлеушілердің жауапкершілігі тетіктерінде елеулі өзгерістерді көздейді. Осыған байланысты мамандарды заңнаманың жаңа нормаларымен жедел таныстыру, өтпелі ережелерді түсіндіру және оларды іс жүзінде қолданудың бірыңғай тәсілдерін қалыптастыру қажеттілігі туындайды.

Семинарды өткізу Тапсырыс беруші мамандарының кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыруды қамтамасыз етуге, салықтық қателіктер, айыппұл санкциялары мен қаржылық шығындарға жол беру тәуекелдерін барынша азайтуға, сондай-ақ жаңа Салық кодексі күшіне енген сәттен бастап Қазақстан Республикасы Салық заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Алдағы өзгерістердің маңыздылығын, өзекті және шынайы ақпарат алу қажеттілігін, сондай-ақ оқытудың тәжірибеге бағдарланған сипатын ескере отырып, «Қазақстан Республикасының 2026 жылғы жаңа Салық кодексі» тақырыбы бойынша семинар оқуы негізді, орынды және бюджет қаражатын тиімді пайдалануға бағытталған болып табылады.

Директор **К. Жангазакова**

Менеджер **Н. Садыкова**

30. 01. 2026 ж